КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 23 желтоқсан № 5165-25-00-2/2664 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«ЭлитИниест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
«Қазығұрт-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРДЫ МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
Талап қоюшы өкілі Ж.Жумажанов.
Үшінші тұлға өкілі С.Дусалиева.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылы 26 тамызда «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесімен кіріс басқару құрылғысын орнату қызметі жөніндегі мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсын өткізген.

Жауапкерлер «Қазығұрт-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылы 26 тамызда 09:26 минутта, «ЭлитИнвест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ЖШС) 09:25 минутта жоғарыда аталған конкурсқа қатысуға өтінім берген.
«Қазығұрт-Сервис» ЖШС мен «ЭлитИнвест-Б» ЖШС әрқайсысы конкурсқа қатысуға ұсынған өтінімінде 110 663,93 теңге көлемінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 29.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шотына енгізгенін растайтын құжатты 2025 жылы 25 тамыздағы №231 төлем тапсырмасын тіркеген.

Алайда, «Қазығұрт-Сервис» ЖШС 2025 жылы 25 тамыздағы № 97 төлем тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шотына 1 106,34 теңге ғана енгізген, ал 2025 жылы 25 тамыздағы №231 төлем тапсырмасымен басқа заңды тұлға төлем операциясын жүргізген.

Сонымен қатар «ЭлитИнвест-Б» ЖШС 2025 жылы 25 тамыздағы №231 төлем тапсырмасымен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шотына 11 063,40 теңге ғана енгізген, аленгізілген сома белгіленген өтінімді қамтамасыз ету сомасының көлеміне жетпеген.

Талап қоюшы жауапкерлерді анық емес ақпарат ұсынғанын негіздеп, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұрап сотқа талап қою жүгінген.

Жауапкерлер талап қоюға берген қарсы пікірінде**,** әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған кезде ғана мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Үшінші тұлға «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы өкілі С.Досалиева, талап қоюға берген қарсы пікірінде, 2025 жылдың 25 тамызындағы шот үзіндісіне сәйкес, «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-нің (БСН 140840023342) шотында 20 322,02 теңге қалдығы болды. «ЭлитИнвест-Б» ЖШС 11:16 сағ. 11 063,40 теңге сомасына бір онлайн транзакция жасады – кепілдік жарнасы, «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті» РММ, БСН 941140001504, KZ530705014100001001 KKMFKZ2A РММ «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті», бұл 2025 жылдың 25 тамызындағы № 231 төлем тапсырмасымен расталатынын көрсеткен.

Шот үзіндісіне сәйкес, 2025 жылдың 25 тамызындағы жағдай бойынша «Қазығұрт-Сервис» ЖШС, БСН шотында 4 660,40 теңге сома болған. БСН 110140014035, «Қазығұрт-Сервис» ЖШС 11:23 сағ. 1106,34 теңге сомасына бір онлайн транзакция жасады – кепілдік жарнасы, «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті» РММ, 941140001504, KZ530705014100001001 KKMFKZ2A, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, бұл 2025 жылғы 25 тамыздағы №97 төлем тапсырмасымен расталғанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі К.Жумажанов талап қоюды қолдап, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлға С.Дусалиева өкілі заңды шешім қабылдауды көрсетті.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғаны мен жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы немесе бейнебайланыс арқылы сотқа қатысу туралы өтініш берген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтықпроцестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің негізінде сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 29.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржыминистрінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 671 бұйрығымен бекітілген «Ерекше тәртіп қолданылатын, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидаларының 55 тармағына сәйкес, Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық ерекшелігі (тігілген түрде, беттері (парақтары) нөмірленген, соңғы (парағы) беті әлеуетті өнімберушінің қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) расталған) және конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

Қағиданың 66 және 67 тармақтарына сәйкес,Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде әлеуетті өнімберуші енгізеді.

Әлеуетті өнімберуші конкурстық өтінім берілетін лоттарға ғана конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Әлеуетті өнімберуші конкурсқа қатысуға өтінімді беру күнінен кешіктірмей әрбір лотқа конкурсқа қатысуға өтінімді жеке қамтамасыз етуді ұсынады.

Әлеуетті өнімберуші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді: мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатыпалуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

үлгілік конкурстық құжаттамаға 11-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік түрінде енгізеді.

Қағиданның №6 қосымшаның 4 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнімберуші осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда анық мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді – деп көрсетілген.

АПК-нің 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Талап қоюшы тарап талап қоюдағы сілтеме жасаған мән-жайларын дәлелдеп, дәлелдеме құжаттарын ұсынса, ал жауапкерлер талап қоюдағы мән-жайларды жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

Сотта анықталғаны, жауапкерлер «Қазығұрт-Сервис» ЖШС мен «ЭлитИнвест-Б» ЖШС әрқайсысы конкурсқа қатысуға үшін ұсынған өтінімдеріне 110 663,93 теңге көлемінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын ұйымдастырушының шотына енгізу қажет болған.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 29.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда, жауапкер «Қазығұрт-Сервис» ЖШС 2025 жылы 25 тамыздағы №97 төлем тапсырмасына сәйкес, ұйымдастырушының шотына 1 106,34 теңге ғана енгізген, ал 2025 жылы 25 тамыздағы №231 төлем тапсырмасымен 110 634,00 теңге төленбегені расталған, яғни анық емес ақпарат ретінде осы төлем құжаттына түзету енгізіп, өтінімге тіркеген.

Сонымен қатар «ЭлитИнвест-Б» ЖШС 2025 жылы 25 тамыздағы №231 төлем тапсырмасымен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шотына 11 063,40 теңге ғана енгізген және 110 634,00 теңге төленбегені расталған, яғни анық емес ақпарат ретінде осы төлем құжаттына түзету енгізіп, өтінімге тіркеген.

Бұдан бөлек «Қазығұрт-Сервис» ЖШС мен «ЭлитИнвест-Б» ЖШС нің сол уақытта әр қайсысының 110 634,00 теңгеден төлейтіндей «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы шоттарында жеткілікті қаражаты болмаған.

Сот отырысында жауапкерлердің бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерлерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкерлер «ЭлитИниест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Қазығұрт-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкерлер «ЭлитИниест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Қазығұрт-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 3 932 (үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге үлестік тәртіпте өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 29.12.2025